



БҰЙРЫҚ

2023 ж 3 маусым

НҰР-СҰЛТАН қаласы

ПРИКАЗ

№ 178

город НУР-СУЛТАН

**Сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы комплаенс туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтеріне арналған әдістемелік нұсқаулық;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерге арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарына орындау үшін жіберуді;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдары заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын барлық қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі аппаратының басшысы Қ. М. Сәрсембаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енгізілсін.

Министр



А. Аймағамбетов

009233

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрінің  
2022 жылғы 3 желтоқсан  
№ 178 бұйрығына 1-қосымша

## Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтеріне арналған әдістемелік нұсқаулық

Осы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтеріне арналған әдістемелік нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес әзірленді және квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мәртебесін, өкілеттіктерін және жұмысын ұйымдастыруды айқындайды.

### 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - квазимемлекеттік сектор субъектісі бөлімшелерінің біріне жүктелетін тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;
- 2) квазимемлекеттік сектор субъектілері-мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде құрылтайшысы, қатысушысы немесе Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар;
- 3) мүдделер қақтығысы-мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;
- 4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
- 5) Сыбайлас жемқорлық тәуекелі-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;



6) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

2. Квзимемлекеттік сектор субъектілерінде "сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі-Заң) және квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер айқындалады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер құрылтай құжаттарына сәйкес штат санын ұлғайтпай, ведомстволық бағынысты ұйымдардың құрылымдық бөлімшесіне тиісті функциялар құрылады және/немесе қолданылады.

4. Министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің құрылымы мен штат саны (сандық құрамы) штат санын ұлғайтпай, құрылтай құжаттарына сәйкес бекітіледі.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтері қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтеріне арналған нұсқаулық негізінде әзірленетін тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады және құрылтай құжаттарына сәйкес бекітіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы тиісті акт квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және ұйымның барлық қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

## **2 тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мәртебесі**

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінің бөлімшесі болып табылады, басқа құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз, бекітілген құрылымға және штат санына сәйкес атқарушы органға немесе Директорлар кеңесіне немесе байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органына бағынады және есеп береді.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдауда және іске асыруда тәуелсіз.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметкерлеріне квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ішкі нормативтік құжаттамасының ережелері қолданылады.

9. Квализемлекеттік сектор субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметкерлерін тағайындау және босату ведомстволық бағынысты ұйымдардың құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Одан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне тиісті хабарлама жіберіледі.

Комплаенс-офицердің жұмыстан шығарылу себептері туралы мәліметтер және оның ұйымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізілген жұмысы туралы есептік ақпарат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ведомстволық бағынысты ұйымдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне кері байланыс және бақылау сапасын арттыру мақсатында жұмыстан босатылатын комплаенс-офицерлерге міндетті сұхбат жүргізеді.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметін бағалауды ұсынылған есептер мен қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпарат негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құрылымдық бөлімшесі жүргізеді.

### **3 тарау. Мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары, құқықтары сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің міндеттері**

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты тиісті квазимемлекеттік сектор ұйымының және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету болып табылады;

3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

4) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:



1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне басшылықтың мүдделілігі;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функциялары:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының ішкі саясатын әзірлейді;

2) Ұйым қызметінің ерекшелігін ескере отырып, квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

4) корпоративтік этикалық құндылықтарды насихаттайды;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты және корпоративтік Әдеп кодексын сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

6) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастырады;

7) құрылымдық бөлімшелердің ұйымның және қызметкерлердің қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі бағдарламасын орындауына мониторингті әзірлейді және жүргізеді;

8) "сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмысты азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып үйлестіреді;

9) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруды жүзеге асырады;

10) мүдделер қақтығысын, оның ішінде жұмысқа орналастыру мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

11) квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыйлықтар мен өкілдік шығыстар мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қолданады;

12) қаржылық мәмілелер кезінде контрагенттерді тексеруді жүзеге асырады;

13) квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

14) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізеді;

15) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

16) құрылымдық бөлімшелердің және квазимемлекеттік сектор субъектілері жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

17) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелер мен квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің тиісті ақпаратын тыңдайды;

18) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

19) қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша есептер мен ақпаратты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жібереді;

20) жыл сайын квазимемлекеттік сектор субъектісінің Директорлар кеңесі, Байқаушы кеңесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің басшысы алдында атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің құқықтары:

1) ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді квазимемлекеттік сектор субъектісінің Директорлар кеңесінің, байқаушы кеңесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының қарауына шығаруға бастамашылық жасауға құқылы;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасауға құқылы;

4) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшыларынан және басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеп-тексерулер шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етуге міндетті;



5) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және оларды Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қарауына ұсыну;

6) Өз құзыреті шегінде ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысуға құқылы;

7) квазимемлекеттік сектор субъектінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыста консультациялық көмек көрсету;

8) квазимемлекеттік сектор субъектінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың бар немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарламалар келіп түсуі мүмкін ақпарат беру арналарын құруға не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің міндеттері:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтайды;

2) Сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы Директорлар кеңесін, байқаушы кеңесті (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органын уақтылы хабардар етеді;

4) квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар белгілері анықталған жағдайларда, материалдарды тиісті дәлелдемелермен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне береді;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіптік әдеп талаптарын сақтайды.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жүктелген функциялар мен міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

#### **4 тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі**

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 1-күнінен кешіктірмей, қабылданған сыбайлас

жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша есептер мен ақпаратты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жібереді.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жыл сайын 5 желтоқсанға дейін жылдық есепті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ұсынады, сондай-ақ атқарылған жұмыс туралы Директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді.

20. Квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы өздерінің контрагенттерін, іскерлік әріптестерін, азаматтық қоғам институттарын тұрақты негізде хабардар ету ұсынылады.



Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрінің  
2022 жылғы 3 желтоқсан  
№ 178 бұйрығына 2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы компанияларға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі іс-шаралар жоспары**

№ п/п	Іс-шараның атауы	Жауаптылар	Орындау мерзімі	Аяталу нысаны	Формат
1	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компанияларға қызметтерді/компанияларға офицерлерді ұйымдарда құру	КМС БҒМ	Мамыр 2022 ж.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компанияларға қызметтерді/компанияларға офицерлерді құру/тағайындау жөніндегі растайтын құжаттарды БҒМ-ге ұсыну	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 16-бабының 3-тармағы
2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрауышты пәндерге енгізу	Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы	Тамыз 2022 ж.	БҒМ-ге ұсыныс	Өртүрлі пәндер бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбына және бұзушылықтардың басқа да түрлеріне, адалдық пен әділдікке арналған міндеттер мен тапсырмаларды көздеу қажет. Әділеттілік, адалдық және құқық бұзушылықтарға нөлдік төзімділік сияқты адамгершілік

3	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері» пәнін - міндетті пәндер тізбесіне енгізу.	ЖЖОКБҰ	Тамыз 2022 ж.	Міндетті тізбеге «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәнін енгізген анықтаманы БҒМ-ге ұсыну. Растау ретінде ЖОО ректорларының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы бұйрықтары қоса БҒМ-ге ұсыну	құндылықтарды дамыту және тәрбиелеу үшін, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқулықтарда және оқу-әдістемелік кешендерде оларға оқыту міндеттері мен кейстерін міндетті түрде енгізе отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жаңарту.
4	Студенттерді «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәні бойынша оқыту	ЖЖОКБҰ	Қараша 2022 ж.	Оқудан өткен студенттердің саны бойынша деректерді көрсете отырып анықтаманы БҒМ-ге ұсыну, сондай-ақ ақпаратты ЖОО-лардың ресми интернет-ресурсында орналастыру.	ЖОО-лардың бірінші курсында студенттерді академиялық адалдықты бұзу фактілеріне жол бермеу және болашақта сыбайлас жемқорлыққа қарсы мықты иммунитетті қалыптастыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетке үйрету.
					Студенттерді адал білім алуға және әдеп бұзушылықтар, оның ішінде академиялық адалдыққа уақытты ескертуге бағыттау үшін, мекеме студенттерінің жалпы санынан «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәні бойынша оқудан өткен студенттердің үлесін арттыру (2022



5	Студенттердің дипломдық жұмыстары үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарды бекіту	ЖЖОКБҰ	Тамыз 2022 ж.	Бекітілген тақырыптар саны көрсетілген анықтама енгізілсін, растау ретінде ЖОО-лар студенттерінің оқу бітіру жұмыстары үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарды бекіту туралы бұйрықтарын БҒМ-ге ұсыну	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарды ЖОО-лардың дипломдық жұмыстары тақырыптарының тізіміне енгізу және оларды жыл сайын жаңғырту. Студенттерді елдегі сыбайлас жемқорлықты жоюға олардың жеке қатысу мүмкіндігі туралы үнемі хабарлар етіп отыру қажет.	жылы – кемінде 20%, 2023 жылы – кемінде 25%, 2024 жылы – кемінде 30%, 2025 жылы – кемінде 35%).
6	Студенттер арасында дипломдық жұмыстарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарын бөлу	ЖЖОКБҰ	Тамыз 2022 ж.	Оқу бітіру жұмыстарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта дайындаған студенттер саны көрсетілген анықтаманы БҒМ-ге ұсыну	Студенттерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарына тікелей тарту, жоғары оқу орындарының ғылыми және академиялық әлеуетін ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу.	
7	студенттердің дипломдық жұмыстарында ұсынылған ЖОО-лардың іске асырған бастамалары/жобаларының санын ұлғайту.	ЖЖОКБҰ	Қараша 2022 ж.	Іске асырылған бастамалардың/жобалардың саны көрсетілген растайтын құжаттары бар анықтаманы БҒМ-ге ұсыну	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін арттыру бойынша пысықталған ұсыныстар енгізілген сапалы оқу бітіру жұмыстарын сүйемелдеу. Бұл жұмысты жоғары оқу орындарының комплаенс-офицерлері мен Агенттік өкілдерін тарту арқылы жүзеге асыруға болады	

8	<p>Академиялық адалдық лигасының қағидағтары мен талдау құралдарын енгізген жоғары оқу орындарының санын жоғары оқу орындарының жалпы санынан (студенттерді біліктілігі, бағалау медианасы, дәйексөз алу қағидалары, плагиатқа қарсы және т.б.) ұлғайту.</p>	ЖЖОКБҰ	Қараша 2022 ж.	<p>Академиялық адалдық Лигасына кіргендігі және осы Лиганың қағидағтары мен аналитикалық құралдарын енгізілгендігі көрсетілген анықтаманы БҒМ-ге ұсыну, <a href="https://adaldyq.kz/">https://adaldyq.kz/</a> сайтында ақпарат орналастыруды қамтамасыз ету</p>	<p>Жоғары оқу орындарының (соның ішінде жеке меншік) Академиялық адалдық Лигасына кіруі, оның құралдарын одан әрі дамыту және жетілдіру.</p>
9	<p>ISO 37001 стандартына немесе ҚР СТ 3049-2017 сәйкестігін растау.</p>	КМС БҒМ	Қазан 2022 ж.	<p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды енгізу туралы анықтаманы, ҚР СТ 3049-2017 немесе ISO 37001 стандартына сәйкестік туралы сертификатты БҒМ-ге ұсыну</p>	<p>ISO 37001 «Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» немесе ҚР СТ 3049-2017 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық». Тиісті ішкі құжаттаманы әзірлеу, ұйымдастыру шараларын қабылдау. Жоғарыда көрсетілген стандарттар бойынша сәйкестікті растау жөніндегі органды шақыру.</p>
10	<p>Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру шеңберінде комплаенс-мамандарды даярлау</p>	ЖЖОКБҰ	Қыркүйек 2023 ж.	<p>Білім беру бағдарламалары, растау ретінде ЖОО ректорларының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы бұйрықтарын қоса БҒМ-ге ұсыну</p>	<p>Оқыту форматы ЖОО-ң қалауы бойынша</p>



11	Ұйымда жемқорлыққа қарсы іс- қимыл саясатын әзірлеу және бекіту.	КМС БҒМ	Маусым 2022 ж.	Алқалы басқару органының, ұйым басшысының бұйрығымен/шешімімен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл саясатын БҒМ-ге ұсыну	Осы бағытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жалпы ережелері, мақсаты мен міндеттері, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шаралар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары, мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу тәртібi, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік шаралары жазылуға тиіс. Мұндай бағдарламаны компанияға енгізу бизнес-тәуекелдерді азайтуға көмектеседі: сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және ұйым мен оның лауазымды тұлғалары үшін, оның ішінде жауапкершілікке тарту түріндегі жағымсыз салдарларды болдырмау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы тексеру рәсімдерін жеңілдету және беделін нығайту.
12	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың ішкі Жоспарын әзірлеу және	КМС БҒМ	Мамыр 2022 ж.	Алқалы басқару органының, ұйым басшысының бұйрығымен/шешімімен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын БҒМ-ге ұсыну	Ссы жоспарда нақты іс-шаралар, мерзімдер, жауапты қызметкерлер, күтілетін нәтижелер жазылуы тиіс.

	бекіту, сондай-ақ жыл сайын жаңарту.				
13	Ұйым қызметкерлері үшін олардың қызметінің ерекшелігін ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту, сондай-ақ жыл сайын жаңартып отыру (өзектендіру).	КМС БҒМ	Жыл сайын, маусым	Алқалы басқару органының, ұйым басшысының бұйрығымен/шешімімен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты БҒМ-ге ұсыну	Осы нұсқаулықта ұйым қызметі саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі белгіленуі тиіс. Атап айтқанда, онда сыбайлас жемқорлық ахуалы туындаған жағдайда қызметкер үшін іс-қимыл алгоритмі жазылуға тиіс. Бұл оған пара беру, бопсалау, әріптестеріне қатысты белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпарат беру және т.б. қатысты.
14	Ұйымдағы мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясатын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ жыл сайын жаңарту (өзектілендіру).	КМС БҒМ	Мамыр 2022 ж.	Алқалы басқару органының, ұйым басшысының бұйрығымен/шешімімен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатын БҒМ-ге ұсыну	Осы саясатта мүдделер қақтығысын реттеу жүйелері, олардың алдын алу және реттеу жөніндегі шаралар, сондай-ақ мүдделер қақтығысын басқару процесіне барлық қатысушылардың жауапкершілігі белгіленуі тиіс.
15	Барлық бөлімшелерді қамти отырып, жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу	КМС БҒМ	тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейін	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтама және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын енгізу	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Занның 8-бабының 5-тармағын іске асыру мақсатында (квзимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен



			БҒМ-ге ақпарат		жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды). Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі.
16	Барлық қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықпен таныстыру.	КМС БҒМ	Маусым 2022 ж.	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қимыл нұсқаулығымен танысу туралы қызметкерлердің қолдарымен растайтын құжаттарды (электрондық немесе қағаз журнал) БҒМ-ге ұсыну	Ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық бекітілгеннен кейін 3 күн мерзімде барлық қызметкерлерді көрсетілген құжатпен таныстыру қажет.
17	Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар болып табылатын барлық қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді	КМС БҒМ	Мамыр 2022 ж.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдай отырып, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар болып табылатын	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді жазбаша түрде қабылдау.

	қабылдауын қамтамасыз ету.			қызметкерлердің қолдары қойылған растайтын құжаттарды (электрондық немесе қағаз журнал) БҒМ-ге ұсыну	
18	Ұйымдағы мүдделер қақтығысы фактілерін жою	КМС БҒМ	Тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейін БҒМ-ге ақпарат	Ұйымдағы мүдделер қақтығысын жою фактілері туралы анықтама, қызметтік жазбалар енгізу.	Ұйым қызметкерлерінің қызметіне мониторинг жүргізу және мүдделер қақтығысын анықталған жағдайда оларды жою.
19	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша ұйым қызметкерлері үшін ай сайынғы (12) түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізу (бірл.).	КМС БҒМ	Тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейін БҒМ-ге ақпарат	Өткізілген іс-шаралар бойынша толық ақпараты бар анықтама (оның ішінде қатысушылардың санын көрсету), объектінің ресми интернет-ресурсында және әлеуметтік желідегі ресми парақшасындағы жарияланымдарға сілтемелерді көрсету, сондай-ақ кездесу	Онлайн және офлайн семинарлар, басқа органдармен және азаматтық қоғам өкілдерімен бірлесіп пікірталас алаңдары.



20	Ұйымда сыбайлас жемқорлық және өзге де бұзушылықтар туралы хабарлау.	КМС БҒМ	Тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейін БҒМ-ге ақпарат	қорытындысы бойынша хағтаманы енгізу. Ұйымдағы сыбайлас жемқорлық және өзге де бұзушылықтар фактілері туралы анықтаманы (журнал, тізілім) енгізу.	Фактілер болмаған жағдайда, құжаттарды енгізу талап етілмейді.
21	ҚР СТ 3049-2017 немесе ISO 37001 стандартына қызметкерлердің 20% - ын оқыту.	КМС БҒМ	Қараша 2022 ж.	ҚР СТ 3049-2017 немесе ISO 37001 стандартын оқытуды өткізу туралы анықтаманы және оқудан өткені туралы БҒМ-ге сертификатты ұсыну	ҚР СТ 3049-2017 немесе ISO 37001 халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына оқыту бойынша жұмыстар жүргізу.

#### Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БҒМ- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
КМС БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің квазимемлекеттік секторы  
ЖЖОКБҰ–Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы